

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге қол қоюы туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 сәуірдегі N 349 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге қол қоюы туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге қол қоюы туралы

Қазақстан Республикасында адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын нығайту және демократиялық қағидаттарға адалдығын растау мақсатында қаулы етемін :

1. 1966 жылғы 16 желтоқсанда Нью-Йорк қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге (бұдан әрі - пактілер) қол қойылсын.

2. Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілі Мәдина Бинешқызы Жарбосыноваға пактілерге қол қоюға және оларды бекіту кезінде түсініктер тұжырымдау мүмкіндігі туралы мәлімдеуге өкілеттік берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Мәдина Бинешқызы Жарбосыноваға пактілерге қол қоюға өкілеттік сертификатын берсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК